

Астана қаласы әкімдігінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

«Келісемін»

Мектеп директорының тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасарлары

_____ Б. Нуртазина

_____ Т.Бейсекова

«__» _____ 2023 ж.

«Бекітемін»

«Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» директоры
_____ Н.Омарова

«__» _____ 2023 ж.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша

2023-2024 оқу жылына арналған

ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

Педагогикалық кеңесте қаралды. Хаттама №1, 31 тамыз, 2023 жыл

Жоспарлау: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2023 жыл 19 қыркүйектегі №294 бұйрығына сәйкес, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес жасалды.

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұныарқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқатән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.

шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру)

басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзараәрекеттесу;

- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау

#Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

Тәрбиенің құндылықтары	Негізгі индикаторлар	Күтілетін нәтижесі:
Ұлттық мүдде	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу; 	<p>Отаншыл, мемлекетшіл жәненамысшыл</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары
Ар-ұят	<p>Академиялық адалдыққағидатын қолдау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну. 	<ul style="list-style-type: none"> - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.
Талап	<ul style="list-style-type: none"> - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командаламен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; 	<ul style="list-style-type: none"> - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

	<ul style="list-style-type: none"> - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау. 	<ul style="list-style-type: none"> - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға
--	---	---

2023-2024 оқу жылының тәрбие жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
---	------------------------	---------------	---------	------------------

I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

1.	<p>Тәрбие жұмысының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар, ҚР заңдары, өңірлік бағдарламалардың ережелері.</p> <p>1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының Конституциясы</p> <p>3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл</p> <p>4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы.</p> <p>5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы.</p> <p>6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы.</p> <p>7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы.</p> <p>8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және</p>	<p>Нормативтік құжат</p>	<p>ТІЖО</p> <p>1-11 сынып жетекшілері</p>	<p>Оқу жылы бойы</p>
----	--	--------------------------	---	----------------------

<p>ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы</p> <p>9) "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы</p> <p>10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 06 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.</p> <p>11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы №348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;</p> <p>12) "Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды бекіту туралы" (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. № 26 бұйрығына өзгеріс енгізілді-ҚР Білім Министрінің 30.12.2022 ж. № 534 бұйрығымен);</p> <p>13) "Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілер туралы ережені бекіту туралы" (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығына өзгеріс енгізілді-ҚР БҒМ 31.05.2022 ж. № 251 бұйрығымен);</p> <p>14) "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" (ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы);</p> <p>15) "Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту</p>			
---	--	--	--

	туралы" (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы)			
2.	"2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы " әдістемелік нұсқаулық хат.	ӘНХ	ТІЖО Сынып жетекшілер	31 тамыз
3.	- Орта мектептің 7-11 сынып оқушыларына кәсіби диагностика жүргізу бойынша құралдарды пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Ерекше қажеттілікті қажет ететін балалардың мамандық таңдауы кезінде отбасының, мектептің және жұмысқа орналастыру органдарының өзара іс-қимылы бойынша әдістемелік ұсынымдар. (https://www.nao.kz).		ТІЖО Сынып жетекшілер	31 тамыз
4.	ҚР БҒМ ережесі негізінде сынып жетекшілерінің міндеттерін әзірлеу	Лауазымдық міндеттер	ТІЖО	11 қыркүйек
5.	Бұқаралық іс-шаралар қауіпсіздігін құжаттамалық қамтамасыз ету. (қажетті бұйрықтар шығару, жоспарларды, кестелерді бекіту).	Нормативтік актілер	Мектеп директоры	Оқу жылы ішінде
6.	Білім алушылар үшін көшпелі іс-шараларды құжаттамалық қамтамасыз ету. (қажетті бұйрықтар шығару, жоспарларды, кестелерді бекіту).	Нормативтік актілер	Мектеп директоры	Оқу жылы ішінде
7.	Балалар мен жасөспірімдердің деструктивті мінез-құлқының алдын алу жөніндегі республикалық және облыстық жоспарлардың, жол карталдарының тізбесі. Республикалық: 1) Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің және балалардың құмар және компьютерлік ойындарға (лудоманияға) тәуелділігінің алдын алу жөніндегі білім беру ұйымдарының 2023-2024 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру жөніндегі жол картасы;	Перечень республиканских и областных планов и дорожных карт	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Оқу жылы бойы

<p>2) Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің және білім беру ұйымдарының 2023-2025 жылдарға арналған оқушылар мен жастар арасында электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу жөніндегі қызметін ұйымдастыру жөніндегі жол картасы; 3) Балалар " жол картасы. Интернет. 2023-2024 оқу жылына арналған ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ұйымдастыру жөніндегі" Медиа-қауіпсіздік";</p> <p>4) 2030 жылға дейін "қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуға, атап айтқанда, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында студенттер арасында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтық мәдениетінің негізін қалыптастыру бойынша жүйелі және өзара байланысты жұмыс жүргізуге бағытталған шаралар қабылдау туралы" бірлескен бұйрық;</p> <p>5) Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары;</p> <p>6) Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім беру және тәрбиелеу іс-шараларының 2023-2029 жылдарға арналған жоспары;</p> <p>7) Қазақ және орыс тілдерін жақсы меңгерген балаларды тәрбиелеу жөніндегі 2023 жылға арналған кешенді іс-шаралар жоспары (Жол картасы) ;</p> <p>8) Балаларды зорлық – зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқықтары мен</p>			
---	--	--	--

	әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары			
Ғылыми – әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз қызмет ету				
1.	"Замануи сынып жетекшінің педагогикалық шеберлігі" тақырыбы бойынша сынып жетекшілеріне семинар өткізу.	Аналитикалық ақпарат, семинар бағдарламасы	ТІЖО, Әлеуметтік педагог	қараша
2.	«Қазіргі педагогтың Сетскиллс» тақырыбы бойынша шебер-сынып.	Аналитикалық ақпарат, семинар бағдарламасы	ТІЖО, Әлеуметтік педагог	қаңтар
3.	«Сынып жетекшінің жұмысындағы медиативтік технологиялар» тақырыбы бойынша педагогикалық кеңесті ұйымдастыру және өткізу. Сынып жетекшілерінің әдістемелік жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктерінің отырыстары	Хаттама	ТІЖО	наурыз
4.	Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің отырыстары	Хаттама	Бірлестік жетекшілері	Кестеге сәйкес
5.	Іс-шаралардың өткізілуі бойынша БАҚ-та жариялау	БАҚ мақалалары, сілтемелер	Педагог-ұйымдастырушы	Оқу жылы ішінде
6.	Республикалық және қалалық әлеуметтік жобаларды іске асыру: <ul style="list-style-type: none"> ○ «Мектеп Парламенті»; ○ «Үшқыр ой алаңы»; ○ «Оқуға құштар мектеп»; ○ «Балалар кітапханасы»; ○ «Еңбегі адал жас өрен»; ○ «Жеткіншектің жеті жарғысы»; ○ «Ұлттық мектеп лигасы»; ○ «Балалар және театр»; ○ «Төрт тоқсан – Төрт өнер»; ○ «Тоғыз айға тоғыз іс-шара»; ○ «Үндестік» (отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі бойынша) 	Жобалардың орындалуы, Аналитикалық талдама	ТІЖО Педагог-ұйымдастырушы Кітапханашы Сынып жетекшілер	Оқу жылы бойы

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидіңтуғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдіңтуғанына 80 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны, сілтеме	Жауапты	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	1 қыркүйек - Білім күні «Кел, балалар, оқылық!» «Мектеп – мейірім мекені» 1-11 сыныптар	Салтанатты жиын сценарийі және сынып сағаттар жоспары «Білімгеұмтылу, еңбексүйгіштікжәне Отаншылдық», «Менің сүйіктімектебім», «Менің алғашқыұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова сынып жетекшілер	1 қыркүйек
2	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» дәріс сағаты 1-4 сыныптар	анықтама, әлеуметтік желіге жарияланым	ДТІЖО Т.Бейсекова, сынып жетекшілер	7 қыркүйек
3	Құқықтық білім беру сабағы /дәріс сағаты/ 8-11 сыныптар	анықтама, әлеуметтік желіге жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина	12 қыркүйек

<p>4</p>	<p>«Отбасым – бақыт мекенім!» отбасы апталығы 1-11 сыныптар</p> <p>«Отбасыммен бірге кітап оқимын» Readx жобасы 8-9 сынып ата-аналар</p> <p>«Әжемнің ертегісі» жобасы 2 сынып</p> <p>«Отбасы құндылығы» тақырыбында Fail конференция 2,9 сынып ата-аналары</p>	<p>Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, ата-аналар жиналысының хаттамасы, әлеуметтік желіге жарияланымдар</p>	<p>ДТЖО Б.Нуртазина Т.Бейсекова сынып жетекшілер</p>	<p>12 қыркүйек</p> <p>15 қыркүйек</p> <p>15 қыркүйек</p> <p>16 қыркүйек</p>
<p>5</p>	<p>Қазақстан халықтарының Тілдер күні мерекесіне орай «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» тақырыбында дебат өткізу</p> <p>8-11 сынып</p>	<p>анықтама, әлеуметтік желіге жарияланым</p>	<p>Мектеп тәлімгері Ж.Баймағанбетова, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова, «Зияткер» дебат клубы</p>	<p>14 қыркүйек</p>
<p>6</p>	<p>«Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» Қазақстан халықтарының Тілдер күніне арналған іс-шаралар 1-11 сыныптар</p>	<p>анықтама, іс-шаралар сценарийі</p>	<p>Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестіктері</p>	<p>11-20 қыркүйек</p>

7	<p>Мектеп Парламентінің отырысы <i>(«Жеткіншектің жетіжарғысы» жобасы)</i></p> <p>8-11 сыныптар</p>	отырыс хаттамасы	Мектеп тәлімгері Баймағанбетова Ж.Т, педагог- ұйымдастырушы Сағатбекова Ж.А	22 қыркүйек
8	<p>Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткіге қарсы күрес:</p> <p>«Мектеп спорты апталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция</p> <p>1-11 сыныптар</p>	анықтама	ТІЖО Нуртазина Б.К Дене шынықтыру бірлестігі	11-23 қыркүйек
9	<p>1 қазан – Қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» Ардагерлер үйіне танымдық саяхат жасап, қарттарға құрмет көрсету</p> <p>6 сыныптар</p>	анықтама, әлеуметтік желіге жарияланым	«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы, педагог- ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова	27 қыркүйек
10	<p>«Алжир» мемориалдық мұражайға танымдық саяхат</p>	анықтама, әлеуметтік желіге жарияланым	8 сынып жетекшілері А.Төкпатаева, А.Мұқан	28 қыркүйек
11	<p>Ата-аналарға арналған бірыңғай ашық есік күні «Буллинг. Балалардың қауіпсіздігі»</p>	Тренинг, ата-аналар жиналысы, семинар	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейскова, сынып жетекшілер	30 қыркүйек
12	<p>«Кітап оқып, сыйлық ал!» кітап оқу марафоны</p> <p>4-11 сыныптар</p>	анықтама, тапсырмалар, әлеуметтік желідегі жарияланым	Кітапханашы Динара Асқарқызы, ДТІЖО Бейсекова Т.Б	қыркүйек

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны, сілтеме	Жауапты	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Кідіріс жасап, айналаңа қара....» 1-4 сыныптар	Дәріс сағаты анықтама	ТІЖО Бейсекова Т.Б Астана қаласы Есіл ауданы полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімі учаскенің полиция инспекторы, полиция капитаны Айгүл Дәулетқызы	1 қазан

2	«Ыбырай Алтынсарин әңгімелері – тәрбиенің қайнар көзі» «Әжемнің ертегісі» жобасы 2 сыныптар	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Әжелер мектебі, 2 сынып жетекшілері	2 қазан
3	«Медиасауаттылық және мектептегі журналистика» БАҚ өкілдерімен кездесу	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	«Елорда ақпарат» медиасеріктестігінің директоры Олжас Сыдықбек, «Астана ақшамы» газетінің тілшілері ДТІЖО Б.Нуртазина, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова	3 қазан
4	«Ұстаз – мәңгі нұрдың қызметшісі» /мерекелік жиын / 1-11 сыныптар	Іс-шара сценарийі, әлеуметтік желідегі жарияланым	ТІЖО Нуртазина Б.К Педагог- ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова	5 қазан
5	Дублер күні 10-11 сыныптар	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова	5 қазан
6	Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау 1-11 сыныптар	сынып сағаттары, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, 1-11 сынып жетекшілер	9 қазан
7	«Менің бизнес идеяларым» («Еңбегіадал жас өрен» жобасы) 9-11 сыныптар	жәрмеңкеге дайындық барысы	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, 9-11 сынып жетекшілер	16 қазан
8	«Әкем айтқан нақыл сөз...» Әкелер кеңесі 5-11 сыныптар	ата-ана сағаттары	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, 5-11 сынып жетекшілер	21 қазан

9	Мұзафар Әлімбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай « Балажан қаламгер » әдеби кешіне қатысу 4 сыныптар	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланымдар	Ұлттық Академиялық кітапхана, 4 «Е» сынып жетекшісі Абдисаматова Ғазиза Мырзаевна	12 қазан
10	« Түлекпен кездесу » жобасы аясында мектеп түлегі, журналист, актриса, блогер, психология саласының expertі Гүлзада Тұрлашпен кездесу	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланымдар	ДТІЖО Т.Бейсекова, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова	12 қазан
11	« Ел тірегі » Әскерге шақырылушыларды Қарулы Күштер қатарына салтанатты шығарып салу жиынына шақыру (« <i>Жеткіншектің жеті жарғысы</i> ») 10-11 сыныптар	анықтама	АӘД мұғалімі Ж.Мукушев	қазан
12	« Адалдық – атадан қалған мұра » ұрпақтар сабақтастығын насихаттау (« <i>Еңбегі адал жас өрен</i> » жобасы) 1-11 сыныптар	анықтама	«Белсенді өмір сүру орталығы», ДТІЖО Т.Бейсекова	қазан
13	« Оқушылардың өрт кезіндегі іс-әрекеттері » тақырыбында эвакуациялық оқу-жаттығу 1-11 сыныптар	есеп, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланымдар	Астана қаласы ТЖД ӨС және АҚЖҚ ММ 3-МӨСБ, ДТІЖО Т.Бейсекова, Б.Нуртазина, мектеп әкімшілігі, мектеп ұжымы	18 қазан
14	« Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске	сынып сағаттары, анықтама	ДТІЖО Т.Бейсекова, Б.Нуртазина, 1-11 сынып жетекшілері	23 қазан

	түспеу» 1-11 сыныптар			
15	«Қоғамға қызмет ет» волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары, әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджер өткізу. 8-11 сыныптар	анықтама	Мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова, Мектеп Парламенті	қазан
16	«Мәңгі жаса, байтақ елім Қазақстан!» мерекелік жиын 1-11 сыныптар	анықтама, іс-шара сценарийі, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Т.Бейсекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова	24 қазан
17	«Менің Қазақстаным», «Гимн айту» челленджі 1-11 сыныптар	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Т.Бейсекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова	23 қазан
18	Республика күнінен орай «Төрт тоқсанға төрт өнер» жобасы аясында домбырашылар челленджі	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова,	24 қазан
19	Мектеп Президентін Сайлау күні	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	педагог- ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова	20 қазан
20	Кітапханашылар күніне орай « Асыл қазынаның ардагері » атты кездесу. Ардагер кітапханашы Гүлбибі Әбдіхалыққызымен диалог	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, кітапханашы Динара Асқарқызы	24 қазан

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны, сілтеме	Жауапты	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	Күзгі демалыста мәдени орындарға танымдық саяхат жасау 1-11 сынып	Анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова	30 қазан – 6 қараша
2	Мектеп Президенті Ұлықтау рәсімі /салтанатты жиын/ 8-11 сынып	Іс-шара сценарийі, әлеуметтік желідегі жарияланым	Мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова	7 қараша
3	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын ашу	Кабинет, жоспар, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Мектеп әкімшілігі, ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова	қараша
4	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтарымен таныстыру 7-11 сыныптар	анықтама	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова	6 қараша

5	«Ұрпақ болашағы – ұстаздан», «Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас» сынып жетекшілерге арналған семинар	семинар сценарийі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, сынып жетекшілер	3 қараша
6	«Зиянды әдеттен сақтанайық!» ер балаларға арналған жиналыс 5-11 сыныптар	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, сынып жетекшілер	6 қараша
7	«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» қыздар жиналысы 5-11 сыныптар	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, сынып жетекшілер	7 қараша
8	«Қазақстан – қыран қалам» мерекелік концерт «Елорда» халықтық ардагерлер хоры	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Т.Бейсекова, сынып жетекшілер	9 қараша
	«Ұшқыш болғым келеді» пилот және бортсерікпен кездесу кеші	Анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Т.Бейсекова,	13 қараша
9	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» онкүндігі 1-11 сыныптар	онкүндік жоспары, есеп, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова	13-23 қараша
10	«Әжеден қалған асыл мұра» шеберлік сағаттары	Анықтама	«Белсенді өмір сүру орталығы», ДТІЖО Т.Бейсекова	Жыл бойы
11	С.Торайғыров пен М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай «Азаттық аңсаған Алаш арыстары» атты әдеби-музыкалық бағдарлама	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері	15 қараша

12	«Әжемнің ертегісі» жобасы 1-4 сыныптар	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	«Тұма» академиялық әжелер орталығы	қараша апта сайын
13	КиноTime «Ұлы дала тұлғалары» отандық фильмдер көрсету	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Кітапханашы Д.Асқарқызы, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова	қараша апта сайын
14	«Отбасылық дәстүрлер» отбасықұндылықтарын насихаттау аясында әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру («Фаламтор қауіпсіздігі» жобасы) 1-4 сыныптар, 5-9 сыныптар	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртзаина, Т.Бейсекова, сынып жетекшілер	20-25 қараша
15	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған студенттердің, ұстаздардың қатысуымен «Адал ұрпақ» клубтарының отырыстарын өткізу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) 8-11 сыныптар	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртзаина, Т.Бейсекова, «Адал ұрпақ» клубы	18 қараша
16	«Тоғызқұмалақ-day» «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы 1-6 сыныптар	Іс-шара сценарийі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Дене шынықтыру бірлестігі «Тоғызқұмалақ» үйірмесінің жетекшісі Е.Махаділ	қараша
17	Тәуелсіздік күніне орай «Жұлдызды ұстаз бен шәкірт»	Байқау ережесі, іс- шара сценарийі,	ДТІЖО Б.Нуртзаина, Т.Бейсекова, педагог-	20 қараша

	ән байқауы	анықтама, элеуметтік желідегі жарияланым	ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова	
	«Зорлыққа бірге қарсымыз» челленджі			қараша

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны, сілтеме	Жауапты	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Таным. Тағылым.Тәрбие» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Ата-ана сағаты 5-9 сынып	Ата-аналар жиналысының хаттамасы	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова	желтоқсан
2	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» («Балалар кітапханасы» жобасы) 4-9 сыныптар	анықтама, элеуметтік желідегі жарияланым	Кітапханашы Динара Асқарқызы	желтоқсан
3	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іске асыру, білім алушылардың денсаулығы мен әл- ауқатын нығайтуда білім ұйымдарымен бірлесе спорттық ойындар өткізу	анықтама	Дене шынықтыру бірлестігі	желтоқсан
4	«Отаным деп шырқаймын» атты	анықтама, байқау	Музыка пәнінің мұғалімдері	желтоқсан

	патриоттық әндерінің XVII қалалық байқауы	нәтижесі		
5	«Күмбірлеген домбыра» қалалық байқауы \\Ұйымдаст. №1 БММ Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	анықтама	Домбыра үйірмесінің жетекшісі Алтай Сапарұлы	6-11 желтоқсан
6	«Рақмет саған, Туған ел» ҚР Тәуелсіздік күніне арналған Нұр-Сұлтан қ ұйымдарындағы ер балалар және олардың әкелері арасындағы IV вокалдық байқауы	анықтама	Музыка пәнінің мұғалімдері	желтоқсан
7	«Тәуелсіздік туы, мәңгі желбіре!» мерекелік жиын	Іс-шара сценарийі, әлеуметтік желіге жарияланым	ДТІЖО Бейсекова Т.Б, Б.Нуртазина	15 желтоқсан
8	«Көк тудың желбірегені» челленджі («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) 1-6 сынып	Челлендж ережесі, әлеуметтік желідегі жарияланым	Мектеп тәлімгері Ж.Баймағанбетова	10-15 желтоқсан
9	«Қош келдің, Жаңа жыл – 2024» ертеңгіліктер өткізу 1-11 сынып	Анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Бейсекова Т.Б, Б.Нуртазина, сынып жетекшілер	желтоқсан
10	ҚР Президенті мен қала әкімінің Жаңа жылдық шыршасына қатысу	Хаттама, есеп	Әлеуметтік педагог, ДТІЖО Бейсекова Т.Б, Б.Нуртазина, сынып жетекшілер	желтоқсан

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Қысқы демалыс*

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны, сілтеме	Жауапты	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» («Ата-аналар мектебі» жобасы) Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың алдын алу 8-11 сынып	хаттама, әлеуметтік желідегі	«Әкелер» мектебі, ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова	
2	«Менің бизнес әлемім» жәрмеңкесі («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) 1-4 сынып	Анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Т.Бейсекова Мектеп тәлімгері, педагог-ұйымдастырушы, 1-4 сынып жетекшілері	
3	«Қыз бала – халықтың шырайы» қыздар жиналысы 8-11 сынып	хаттама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Т.Бейсекова Мектеп тәлімгері, педагог-ұйымдастырушы, 8-11 сынып жетекшілері	
4	«Талантты отбасы» отбасылық ән байқауы	байқау ережесі, хаттама, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	«Даналық» мектебі, ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова мектеп тәлімгері, педагог-ұйымдастырушы, 1-4 сынып жетекшілері	
5	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойындар жарысы («Ұлттық мектеп	жарыс ережесі, хаттама, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Дене шынықтыру бірлестігі	

	<i>лигасы»)</i>			
6	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» жәрменкесі 5-11 сынып («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Жәрменке ережесі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Мектеп әкімшілігі, ДТЖО Б.Нуртазина, педагог- ұйымдастырушы, тәлімгер	
7	Дінмұхаммед Қонаевтың 111 жылдығына орай «Ғасырдың дара перзенті» онкүндігі	жоспар, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Мектеп әкімшілігі, ДТЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова педагог-ұйымдастырушы, тәлімгер	
8	Белгілі спортшылардың қатысушылардың қатысуымен СӨС қалыптастырудағы спорттың рөлі туралы бейнематериалдар әзірлеу 1-4 сынып	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Дене шынықтыру бірлестігі	

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
	Абайдың «Толық адам» ілімі («Балалар кітапханасы» жобасы)	анықтама	ТЖО Бейсекова Т.Б, Б.Нуртазина	ақпан
	Мектеп Парламентінің отырысы	Хаттама, анықтама	Мектеп тәлімгері Ж.Баймағанбетова	ақпан

	«Армысың, Өз Наурыз - 2022!» сурет көрмесі	байқау ережесі, анықтама	педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова	ақпан
	«Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу	байқау ережесі, анықтама	ТІЖО Бейсекова Т.Б, Б.Нуртазина, кітапханашы Динара Асқарқызы	ақпан
	Кинорежиссер Ш.Аймановтың туғанына 105 жыл толуына орай кинолраны оқушыларға көрсету	анықтама	ТІЖО Бейсекова Т.Б, Б.Нуртазина, кітапханашы Динара Асқарқызы	ақпан
	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мұхтар Мағауинның шығармашылығына шолу	анықтама	ТІЖО Бейсекова Т.Б, Б.Нуртазина, кітапханашы Динара Асқарқызы	ақпан

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны, сілтеме	Жауапты	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Мың алғыс, ...» челленджі 1-11 сынып	Анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, мектеп тәлімгері Ж.Баймағанбетова	1 наурыз

2	«Домбыра Party» оқушылар және ата-аналармен бірге домбыра шерту	Анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Домбыра үйірмесінің жетекшісі Әбен Алтай Сапарұлы	4-7 наурыз
3	«Мектеп ханшайымы – 2024» байқауы 1-4 сынып	Іс-шара сценарийі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Педагог-ұйымдастырушы, тәлімгер	4 наурыз
4	«Мектеп Аруы – 2024» қыздар байқауы 8-10 сынып	Іс-шара сценарийі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Педагог-ұйымдастырушы, тәлімгер	5 наурыз
5	8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай «Ана – өмір шуағы» Мерекелік жиын	Іс-шара сценарийі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова	7 наурыз
6	«Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» қыздар жиналысы	Хаттама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова	11 наурыз
7	«Салт-дәстүрім – асыл қазынам» челленджі 1-11 сынып	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, сынып жетекшілер	11-18 наурыз
8	«Наурыз думаны» сынып сағаттары	Іс-шара сценарийі,	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, педагог-	18-19 наурыз

	«Армысың, әз Наурыз!» мерекелік іс-шара 1-11 сынып	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймағанбетова	
9	27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні орай театрларға танымдық саяхат жасау 5-11 сынып	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, сынып жетекшілер	наурыз
10	Көктемгі демалыс уақытындағы іс- шаралар	Жоспар, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова	21-31 наурыз

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны, сілтеме	Жауапты	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	Өзін-өзі басқару ұйымының отырысы	Хаттама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Мектеп тәлімгері Ж.Баймағанбетова	2 сәуір
2	«Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде « Менің әкем – жақсы адам » видеоролик түсіру челленджі 1-4 сынып	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, сынып жетекшілер	3-8 сәуір

3	«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жоба аясында «Туған өлкем» фестивалі	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Әдістемелік орталығы, ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, сынып жетекшілер	сәуір
4	«Үздік вожатый» байқауы	Байқау ережесі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Әдістемелік орталығы, мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова	сәуір
5	«Үздік директордың тәрбие жұмысы» байқауы	Байқау ережесі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Әдістемелік орталығы, ДТІЖО Б.Нуртазина	сәуір
6	«Үздік сынып сағаты» байқауы	Байқау ережесі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Әдістемелік орталығы, ДТІЖО Б.Нуртазина, сынып жетекшілер	сәуір
7	«Құстарды сақта» қалалық байқауы	Байқау ережесі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Әдістемелік орталығы, ДТІЖО Б.Нуртазина, көркем еңбек пәні мұғалімдері	сәуір
8	Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қалалық шығармашылық «Шаттық» байқауы	Байқау ережесі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова	сәуір
9	Қазақстан Республикасы халықтарының бірлігі күніне	Байқау ережесі, анықтама,	ДТІЖО Б.Нуртазина, көркем еңбек пәні мұғалімдері	сәуір

	арналған «Дарынды балалар әлемі» атты қалалық сәндік-қолданбалы өнер байқауы	әлеуметтік желідегі жарияланым		
10	«9 ай – 9 іс-шара» акциясы аясында «Тоғызқұмалақ, шахмат ойыны» жарысы	Жарыс ережесі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Дене шынықтыру бірлестігі	сәуір
11	Қалалық сенбілікке қатысу	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, мектеп ұжымы	сәуір

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны, сілтеме	Жауапты	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Бірлік шуағы» фестивалі	Іс-шара сценарийі, анықтама,	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, педагог-ұйымдастырушы	29 сәуір

		әлеуметтік желідегі жарияланым	Ж.Сағатбекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова	
2	«Ерлікке – мың тағзым!» ардагерлермен кездесу 5-10 сынып	Іс-шара сценарийі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова	6 мамыр
3	«Жеңіс туы, желбіре!» салтанатты жиын 5-11 сынып	Іс-шара сценарийі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова	8 мамыр
4	Отан қорғаушылар күніне арналған «Ер – елдің тірегі» ер азаматтарға арналған салтанатты жиын	Іс-шара сценарийі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймаганбетова	6 мамыр
5	Жеңіс күніне арналған «Ардагерге кәдесый» қалалық сурет байқауы	анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова	2-8 мамыр
6	Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған «Менің елім» патриоттық әндердің қалалық байқауы	жарыс ережесі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	Музыка пәнінің мұғалімдері	мамыр
7	«Жұлдыздар шеруі – 2024» марапаттау рәсімі	Іс-шара сценарийі, анықтама,	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, педагог-ұйымдастырушы	20-24 мамыр

		әлеуметтік желідегі жарияланым	Ж.Сағатбекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймағанбетова	
8	«Сыңғырла, күміс қоңырау!» соңғы қоңырау мерекесі	Іс-шара сценарийі, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова, педагог-ұйымдастырушы Ж.Сағатбекова, мектеп тәлімгері Ж.Баймағанбетова	25 мамыр
9	Жазғы демалыс уақытындағы іс-шаралар	Жоспар, анықтама, әлеуметтік желідегі жарияланым	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова	25 мамыр
10	Мектеп бітірушілерге аттестат және «Алтын белгі» төсбелгісін табыстау	Анықтама	ДТІЖО Б.Нуртазина, Т.Бейсекова	мамыр